

Мұса Шормановтың Г.Н. Потанинге жазған хаты

1881 жылғы 7 желтоқсан, Ақкелін шатқалы

Аса қадірменді Григорий Николаевич!

Сіздің Қазаннан осы жылдың 27 тамызында жазған хатыңызды алдым және бізді, далалықтарды ұмытпағаныңыз үшін шын жүрегіммен сізге разымын және сіздің аман-сау екендігіңізге қатты қуанып отырмыз.

Сіздің кітабыңыз бен суретіңізді алдық, ол үшін өзіміздің шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сіздің жұбайыңыздың інісіне сыйланған шекпен жайлы мақтау сөзіңізді ерекше шаттықпен қабылдаймыз және осы затты одан да қызықтырақ қылу үшін, сіздің қандай да бір қажетіңізге жарайтын 30 аршын шекпен жіберіп отырмыз.

Сіз сұрап отырған ертегілерге қатысты айтарымыз, материалдар жинастырылып жатыр, жеткілікті жиналғаннан кейін, тұтас жинақтап, дереу сізге жібереміз.

Археологиямен айналысатындықтан, сіздің хаттарыңыз Дмитрий Донскойдың заманын еске салатын ескі жазумен жазылады, — бұлай жазу сізге қиынға түсетін болар, сондықтан өз хаттарыңызды біз оқи алатын қарабайыр жазумен жазуыңызды өтінеміз.

Көшпенді гимназия туралы баяндама жасау туралы өз ниетіңізді іске асыруыңызды және оны бізге жіберуіңізді өтінеміз. Әйтпесе қырғыз халқы ілім-білімсіз дөрекі сауатсыздықта қалып отыр.

Менің нашар денсаулығым біртіндеп қалпына келуде. Осы күзде суық тигізіп алып, қазан айынан бастап бөлмемнен шықпаймын. Сәдуақастың зайыбы Нұриданың денсаулығы да нашар. Қалған отбасым мен барлық туыстарым аман-сау.

Аса қадірменді Григорий Николаевич, менің шынайы құрметімді және отбасым мен барлық туған-туыстарымның терең ілтипатын қабылдауыңызды сұраймын. Егер өз зайыбыңызға хат жазсаңыз, біздің бәріміздің атымыздан ең ыстық сәлемімізді жолдаңыз.

Әрқашан сіздің қызметіңізге әзір *Мұса Шорманов*